Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор



АМАНӘЛІ



Балалық, жастық кезімнің жақсы да жайсаң достары туралы естелік-эссе жазу көптен бері ойымда жүрді. Жидебек туралы өзі дүниеден өткен соң жаздым. Аманәлі туралы көп ойландым. Түрлі тұста айтқан өлеңдерінің көбін ұмытып қалған екенмін. Соған өкіндім. Әйтсе де есімде барын байытып жазармын деп жүргенмін. Сөйтіп жүргенде Көсемәлі інім өтініш жасады. Аманәлі туралы естегілерімді жазып беруді сұрады. Көсемәлі Сәттібайұлы – белгілі жазушы, публицист, журналист. Көп жылдар бойы Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінде бас редактор болып қызмет еткен. Көптеген прозалық шығармалардың авторы. Жоғары оқу орындарының білім алушыларына арналған «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген оқу құралымда Көсемәлінің шығармашылығына арнайы тарау арнағанмын. Көсемәлі – менің Аманәлі досымның туған інісі. Өзін туған інімдей көремін әрі шәкіртім. Осы естелік-эссені Көсемәлі інімнің өтініші бойынша жаздым.

Жидебек, Аманәлі, мен бір ауылда туып-өскен құрдастар едік. Бір-біріміздің ойымызды қабағымызға қарап-ақ түсіне қоятынбыз. Жидебек – инженер-механик болуға бейім, Аманәлі екеуміз өлең жазамыз. Өлең жазып жүріп, ізденіп жүріп ойымызды дұрыс, әсерлі жеткізуге күш салдық. Аманәлі өлең жазып қана қоймайды, ән шығарады, өз өлеңін өзі шығарған әнге қосып айтады.

Ақын. Сазгер. Әнші. Қолында гитарасы болады. Даусы таза, құлаққа жағымды.

Мектепті бітірген жылы мамыр айының аяғында сыныптағы ұл-қыздар Таластың бойына серуендеп шықтық. Жидебек екеуміз бірдей киініп бардық. Жидебек, Аманәлі, Қанжан, Бақытжан, Сырымбет, Тұрымтай, Скендір, мен - бәріміз тізіліп қалған екенбіз, қыздардың бірі қатар тұрған Жидебек екеумізге қарап:

- Екеуіңнің түрлерің, киімдерің, галстуктеріңе дейін бірдей, егіз қозыдай болып қалыпсыңдар ғой, - деген.

Екінші әуесқой:

- Бұлар егіз ғой, өздері де бірдей, - деп қалды.
- Иә, бірдей емес, - дейді қыздардың бірі.

Аманәлі алдыңғы сөзді қостап:

- Бұлар - егіз. Егіз екенін мен білемін. Сендер білмеген соң айтасыңдар, - дейді.

Жидебек екеуміз достарымыздың әзіл-шыны аралас мамырдың самалындай желпіген жібек сөздерін езу тартып тыңдадық. Аманәлі Таластың қызғалдағын теріп әкеліп, қыздарға бір-бір талдан сыйлады. Қыздар оны шаштарына қадады. Қызғалдақтар құлпыра түсті. Аманәлі қыздарға арнаған өлеңін гитарамен сүйемелдеп айта бастады. Өлеңнің авторы да, әннің авторы да өзі. Қыздардың бақытты болуын тіледі, бәріміздің атымыздан қыздардан әлдене үшін кешірім сұрағандай болды.

Қызғалдақтай желпініңдер,
Арман қуып жетіліңдер.
Өкпелетіп алған болсақ,
Кешіріңдер, кешіріңдер!

Ара-тұра біз де қосылып, қостап тұрамыз. Қыздардың қайбірі көздеріне жас алғандай болды. Біздің көңілімізде де бір қимас сезім сағымдай үлбіреп тұрды. Өлең:

Кешіріңдер, кешіріңдер... -

деп аяқталды. Осы соңғы тармақты қосылып айтып, баяулатып барып бітірдік. Қыздардың ғана емес, өзіміздің де көңіліміз бір түрлі толқып тұрды. Сол толқында бәріміз білетін, бірақ ешкім ашып айтпайтын терең сырдың назы бар еді. Ол біздің достарымыздың өмірінде болған, сол кезде бәріміздің көкейімізден кетпей жүрген сырдың назы болатын.

Қатарымыздағы бір ұл мен бір қыз бастауыш сыныптан бері бір партада отыратын. Екеуі бір-бірін бірге туған бауырдай жақсы көретін. Ата-аналары да бір-бірімен туған бауырлардай болатын. Осы туыстық сезіммен олардың балалары да бір-бірін туыс, бауыр тұтып өсті. Ұл қызды оқуды бітіретін жылға дейін туыстық, бауырлық сезіммен жақсы көрді. Қыз олай етпеді, қасындағы ұлға бойжеткен қыздың сезімімен елжіреп сүйіп, еркелеп қарады. Ұл сол бұрынғы қалпынан өзгермеді. Ұлдың қасындағы достары оған өз ойларын айтты, қыздың махаббатына құрмет білдірді. Бірақ ұл қасында отырған қызға туған қарындасына қамқор болғандай қалпынан өзгермеді. Қыздың мұратына жетуін, теңін тауып бақытты болуын шын жүректен тіледі.

Екінші тоқсан аяқталғанда, қыздың ешкімге ештеңе айтпастан, ауылдан да, мектептен де кетіп қалғанын білдік. Қайда кеткенін сыныптастарынан ешкім анық білмеді. Ауырып қалыпты дегенді естідік. Басқа мектепке ауысыпты дегендер де болды. Күйеуге шығыпты деген сыбыс та болды. Содан тоқсан өткеннен кейін қыздан хат келді. Хат қызбен парталас ұлға арналыпты. Сол хаттың мазмұнын негізге алып, Аманәлі «Қоштасу әні» деген өлең шығарып, оған лайықты әуен жазған.

Аманәлі осы өлеңін айтты. Алғашқы рет айтуы. Сөзі де, әуені де өзгеше.

Күттім, күттім.
Күтіп, күтіп,
Үздім нәзік үмітті.
Айдалада жел айдаған қаңбақтай

Кеттім, жаным,
Кеттім, кеттім, мен кеттім.

Кешіріп қой,
Кешіріп қой сен енді.
Кешіріп қой
Артта қалған көп күнді.
Кешіріп қой
Күлкісінен гүл төгілген көктемді.
Кешіріп қой, кешіріп қой, арманым,
Өткен менен кеткенді...

Әннің тарихы өзімізге таныс болса да, қатты тебірендік. Әсіресе қыздың шыны мен сырына жүрегіміз елжіреп, жанымыз ашыды. Қыздың осынша қиналғанына себеп болған қасымыздағы досымызды айыпты санап, оған ашулы қарағандай едік, тіпті таяқтап алғымыз келгендей болған. Ол да шыдай алмай, теріс айналып, бізден көз жасын жасырған. Қыздардың көздері жәудіреп, үн-түнсіз, тым-тырыс отырып қалды.

Біраздан соң Аманәлі қоштасу өлеңін айтты. Сөзі де, сазы да ауыр болды:

Өтті күндер, өтеді күндер, заулайды,
Өткен күндер бір-бірінен аумайды.
Көңлімізде қуаныш бар, мұң да бар,
Жүректерді қандай сезім баурайды.

Қош болыңдар, қоштасатын кез келді,
Қимас бір күй жанымызды тербейді.
Қош болыңдар, қош болыңдар, қайыр қош,
Қоштасайық, қоштасайық біз енді...

Қыздардың көзі жасқа толды. Біздің де күйіміз күй емес. Әуелде серуендейміз деп мәз болып шығып едік. Мұнымыздың серуен емес, қоштасу екенін Аманәлінің өлеңінен кейін сезіндік. Қыздарды қоштасуға қимайды

екенбіз, бірақ қоштаспауға болмады. Қоштасу сондай қиын болды. Жүрегіміз жылады.

Аманәлінің әні мен сөзінің әсерінен туған көңілкүйіміздің осы суреті әлі көз алдымда.

Мектепті бітірген соң, әрқайсымыз әр жаққа бет алдық. Біразымыз механизатор болды, біразымыз жоғары оқу орындарына оқуға қабылданды, біразымыз қайта оралды. Қайта оралғандардың өзі бір топ: Жидебек, Аманәлі, Аязбай, Оразбек, мен... Оразбек - статтехникумда, Аманәлі - Құландағы веттехникумда, мен – Абай атындағы педучилищеде, Жидебек, Аязбай – автомектепте. Келесі жылы жоғары оқу орнына қайта бармақпыз. Аптасына бір рет Әулие атада кездесіп, әңгіме-дүкен құрамыз, арманымызды айтамыз. Әулие ата Қараханның мавзолейінің күншығыс жақ бүйірінде судың ескі арнасы болатын, ұзыннан-ұзақ созылып жатқан сайға ұқсайды. Жағалай өскен аққайың. Сайдың бойына көлеңкесін түсіріп тұрады. Күзге салым сайдың табаны, айналасы сарала жапырақтарға толып жатады. Күзгі күннің сәулесі қалың қайыңның сарала жапырақтарына түсіп, алтынның нұрындай балқып, толқиды. Аманәлі оған «Саржайлау» деп ат қойды.

Саржайлау бәрімізге жайлы, ыстық көрінеді. Әулиеата туралы, Айша бибі туралы ел аузынан естіген аңыздарды еске аламыз. Аманәлі гитарасын шертіп, жыр толғайды. Жырды өзі шығарып, өз әуенімен айтады. Кейде Аманәліге:

- Өз жырыңды жырлай бергенше, басқалардың жырын да айтсаң қайтеді? – дейміз. Аманәлі біздің сұранысымызға қатысты біраз мақтау сөздерін айтады да:

- Мен сендерді жанымдай жақсы көремін. Сендер – менің ең жақсы достарымсыңдар. Мен ең жақсы көретін достарыма өзімнің ең жақсы жырларымды жырлаймын, - дейді. Сөзі салмақты, үні салдарлы, жүзі салиқалы.

Жидебек:

- Мен өз жырын өзі жырлаған жыршыны жақсы көремін, - дейді.

Оразбек:

- Жыршының өз жырын жырлағаны жақсы, - деп қостау сөзін айтады. Аязбай екеуміз оларды үнсіз тыңдаймыз. Жердегі жапырақтар да, төбемізден төніп тұрған жапырақтар да соны қалайтындай. Анда-санда тал басынан үзілген жапырақтар қалықтап бара жатады. Сондай сарала жапырақтардың бірі қалықтап ұшып, Аманәлінің иығына қонды. Бәріміз үнсізбіз. Жидебек қана тіл қатып:

- Міне, көрдің бе, сенің толғауларыңды жақсылап тыңдау үшін мына жапырақ та сабағынан өз еркімен үзіліп, сенің иығыңа келіп қонды.

Аманәлі жадырап, жүзі нұрлана түседі:

Сағыныш қой,
Сағыныш қой сарала жапырақтар... –

деп Тұманбай ағасының өлеңін айтып толғанады.

Сарала жапырақтарды өз көңіліміздегі сазбен салалас қабылдадық. Әрқайсымыздың көкірегімізде сарғайған бір арман, сарғайған бір сағыныш, сарғайған бір аңсау бардай, мұң да жоқ емес. Сол арманды, сол сағынышты, сол аңсауды, сол мұңды аяйтын әрі аялайтын сияқтымыз. Аманәлінің салған сазы бәріміздің көңілімізді толқытты. Неге өз жырыңды толғамадың деп айтпадық.

Көңілкүйіміз бір қалыпта болмайды. Күндей ашылып, гүлдей жайнайтынымыз да бар. Көңіліміз басылып, жасып қалатын сәттеріміз де жоқ емес. Осындай сәттердің қайбір тұсында Аманәлі Омар Хайям атамыздың өлеңін айтатын. Мектеп бітірерден бір жылдай бұрын болу керек, Шығыстың ұлы ақындарының бірнешеуінің кіші форматтағы жұқа мұқабалы кітаптары топ болып баспадан шыққан. Солардың ішінен Омар Хайямның өлеңдерін жатқа айтатынбыз. Содан бір ерекше әдемі әсер алып, қызығып, құлшынып қалатынбыз. Сол өлеңдердің бірін Аманәлі көңілдің күйіне байланысты баяу қалыпта гитарымен қосылып:

Сау болсам, құра алмаймын сауық-сайран,
Мас болсам, жын соққандай қылам ойран.
О, шіркін, масаңдау бір кез болады-ау,
Па шіркін, нағыз өмір сол ғой қайран! –

деп сызылтқанда, көңіліміз қош болып, масайрап қалатынбыз. Мектеп оқушысы кезімізде айтқан өлең болған соң, бәрімізге таныс. Аманәлінің әуеніне қосылып, хормен айтамыз. Бірақ көңіліміз ашыла қоймайды. Аманәлінің өзінің өлеңін тыңдағымыз келеді. Алғашқы бір жолын біріміз айтып, келесісін тағы біреуміз айтамыз. Көңілі жайланғанда, Аманәлі жаңа әнін айта бастайды.

Күндердің бір күнінде Саржайлаудан қайтып келе жатқанбыз. Қасымызда бір-екі жаңа достарымыз болды. Күн еңкейіп, алакөлеңке бола бастаған. Алдымыздан бір топ бозбала шығып, тектен-текке тиісіп, сатыр-тұсыр салысып өтті. Біз бойымызды жиып алғанша, жан-жаққа бытырап қашып кетті. Біз: «Бұл не болғаны?» - деп бір-бірімізге қарадық. Біреуміз ішін басып тұрып қалды. Жедел жәрдем шақырдық. Менің сол қабағым жарақаттаныпты. Дәрігерлер біріміздің қарнымызды тігіп, біріміздің қабағымызды таңып берді.

Бірер күннен кейін Аманәлі келді. Екеуміз статтехникумдағы Оразбекке бардық. Үшеуміз қыдырыстап жүріп, суретке түстік: Оразбек ортада. Сырбаз. Дипломат секілді. Менің сол қабағым медициналық бинтпен таңулы. Аманәлі гитар тартып тұрғандай қалыпта. Суреттің астына мынадай сөздерді жазған едім: Жанғара – күрескер, Оразбек – дипломат, Аманәлі – гитарист. Сол суретті кейін жоғалттым.

Оразбек, Аманәлі, Жидебек, мен – төртеуміздің сенбі сайын кездесетін жеріміз болатын. Сонда бардық. Біраздан соң сабағынан босанып, Жидебек келді.

- Төрткөзіміз түгел табыстық. Қандай ұсыныстар бар? – дедім мен.

Аманәлі ұсынысын:

Ароматты шашылық
Алдымызда жатса шаншылып.
Бархатный сыралар
Шетінен тұрса ашылып, -

деп әндетіп айтты. Біз ішек-сілеміз қата күлдік. Айттық, айттық та, қойдық. Саржайлауға барып қайтқымыз келді.

Саржайлаудың бір ерекше қасиетін сезінетінбіз. Оған келгенде, көңілімізді басқан ауыртпалық кетіп, жайдары, жайсаң күйге түсетінбіз. Бұл жолы да сондай болды.

Аманәлі гитарасын баяу шертіп:

Әулиеата - атамыз,
Атамызға мұңымызды айтамыз.
Көңіліміз ашылып,
Атамыздан базарлы боп қайтамыз, -

деп толғайды. Кейінгі екі жолды қайырмалап қайталағанда, біз қосыла айтамыз. Әруағыңнан айналайын Әулиеата бізге мейірімін түсіріп, жанымызға жылу беретін сияқты болатын. Сөйтіп осы бір кезеңнен сүрінбей, жығылмай аман-есен өттік.

Жазғы каникулда ауылда бас қостық. Ауыл жайлауға шығып, Таластың жағасына қонған екен. Таластың суы бір иінінде терең болып ағатын. Мөп-мөлдір. Арғы жағасы биік жар. Бала кезімізде жүгіріп келіп сол жардан терең суға секіретінбіз. Секіргенде, екі қолымызды құстың екі қанатынша жайып, құстай ұшқан сияқты болатынбыз. Ең алысқа секіріп ұшатын Жидебек пен Аманәлі еді. Бұл жолы олай етпедік. Жүгірмей, секірмей, суға жайбарақат түстік. Бірақ бала кезіміз есімізде жаңғырып, бір-бірімізге Таластың мөлдір суын шаштық. Су тамшылары күн сәулесімен шағылыса жарқырап шашылып, үстімізге жауады. Соған мәз болдық, баяғыдай балаша қуандық. Суға сүңгіп жүріп, Іскендір мен Аманәлі су астынан шөп оратын қол шалғының бір бума басын тауып алып шықты. Судан шыққан соң, ауыл адамдарынан сұрастырып жүріп анықтап, шалғыны иесіне тапсырдық.

1968-1969 оқу жылында, ауылға келіп, ауыл мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа тұрдым. Жасым жиырмада. Мен қатарлы жігіттердің біразы үйленіп алған. Бірі трактор айдап, бірі мал бағып, бала-шағаларын асырауда. Менде ондай ой жоқ. Университетке оқуға түсіп, оқығым келеді. Анам да оқығанымды дұрыс көрді. Өлең жазғанды қойдым, Аманәлі де аса құлшынбады. Бірақ екеуміз де әдебиетке деген құштарлығымызды тастамадық. Ел мен жер туралы халық аузындағы аңыз-әңгімелерге қызықтық. Әдеби шығармалармен қатар әдебиет туралы жазылған кітаптарды оқи бастадық.

Аманәлі - ауыл қызметкерлерінің бірі. Ауыл көлемінде батыл әрекет ете алатын құзыреті бар. Күзгі жиын-терін кезінде ауыл мұғаліміне совхоздың көмегі қатарында қолдағы малдың жем-шөбін даярлауға көмектесті. Жаңа орылған жүгерінің бір телешке турамасын (силосын) түсіртіп берді. Шөп ору науқанында бір арба шөп бергізді. Оның үстінде аздаған бидайы да бар. Мен бидай салған қапты көтермек болып едім, сүйек-сүйегім сырқырап сынып кетердей болды. Менің хәлімді көрген Аманәлі бір қап бидайды иығына оп-оңай салды да, сарайға кіргізіп берді. Мен мәз болып, Аманәліге рақыметімді айттым. Ауыл басшылығының ауыл мұғаліміне деген ықыласы, әсіресе Аманәлінің ақ көңілі мен пәк ниеті мені қатты тебірентті. «Қолым жетсе, сенің бір қап бидайыңды бір қап алтын қылып қайтарамын», - дедім. Қайран бауырым, жайсаң досым: «Олай болғанда, бір қап емес, екі қап әкелетін едім ғой! Қап, білмегенім-ай!» - деп, езу тартып тұр. Екеуміз жарыса күліп, құшақтасып, бір-бірімізді көкірегімізге қысып тұрып қалдық.

Осы сәттің елесі көңілімде тіріліп, бейнеге айналғанда, жанарымда жас тұнады.

Аманәлі қалаға барып, бір мекемеде экспедитор болып қызметке тұрды. Мен Алматыға кеттім. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға қабылдандым. Содан былай Аманәлімен жүздесе алғаным

жоқ. Менің ардақты Аманәлі досым 25 жасында кенеттен өмірден озды. Аманәлінің рухына Пайғамбарымыз (с.а.с.) шапағатын тигізіп, Алла рақым еткей.

11.01.2026.